



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

енгізген болсаңыз, сөзді қолданудың келесідей үлгілерінен тұратын сөздік тармақ пайда болады: ақылды бала, ақылды карточка, ақылды іс, ақылды адам, және т. б. *sozdik.kz* сөздігі енгізілген сөздің морфологиясын есепке алмайды. Сол себепті, сөздерді әдеттегі қағаз сөздіктен іздеу кезіндегі сияқты, аудару қажет сөзді алдымен дұрыс қалыпқа өзгерту қажет. Егерде қолданушы сөзді теру кезінде бір әрпін қате жазған болса, сөздік әрі қарай өтіп, аудармасын табуға болатын, жазылуы жағынан ұқсас сөздердің нұсқасын көрсетеді. *sozdik.kz* онлайн сөздігінде «сөз аудару», «сөз қосу» виртуалдық пернетақтасы бар. Яғни, қазақ тілінің электрондық лексикографиялық ресурстары негізінен екітілді қазақша-орысша, көптілді аударма сөздіктер және энциклопедиялық сөздіктен тұратындығын көреміз. Бұлар электрондық сөздіктердің алғашқы бастамасы болғандықтан кемшілік, қателіктерден де ада емес. Қазақ тілінің өркен жаюы үшін олардың сапасын арттыру мақсатында қолдау жасау қажеттігі туындайды. Бұл салада бағдарламалық қамтамасыз етумен айналысқандар – бағдарлама жасаушылар, web-мастерлер, дизайнерлер мен электрондық сөздікті жасауға қатысқан редактор басқа да мамандардың еңбектері зор екендігін атап өту қажет.

Қорыта айтқанда, сөздік – сөздік қорды белгілі бір ретпен орналастырып, адамдарға іздестіруге көмек жасайтын көмекші құрал. Ал қазақ тілі біліміндегі сөздіктердің құрылысы мен әдістемесі жылдан-жылға айтарлықтай жақсарып, дамып келеді. Тіліміздегі сөздерді стильдік арақатынасына қарай іштей саралай отырып, оларды белгілі бір нормаға келтіру бірінші орынға қойыла бастады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы ерекше: бір жағынан ақпарат көзі ретінде одан жылдам ақпарат алуға болса; екінші жағынан ол сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы. – Алматы, Санат, 1997 – 256 бет.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.
3. Серғалиев М. Тілім менің-тінім менің. 1-том : мақалалар, баяндамалар. 1-том / – Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. - 338, [5] б.
4. Кеңесбаев І. Жанұзақов Т. Орысша-қазақша лингвистикалық терминдер сөздігі. Алматы, 1966. – 256 бет.
5. Берков В.П. Двухязычная лексикография. - СПб.: СПУ, 1996. – 248 стр.
6. Ахметбай А.Ж. М. Серғалиевтің ғылыми мұрасы. Тіл білімі. Конф. матер. жинағы. – Астана, Еуразия ұлттық университеті. – 2013. – 401 бет. 5-10 беттер.
7. Русско-казахский словарь – Орысша-қазақша сөздік / М. Серғалиев – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 112 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МЕТАФОРАНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Болат А.

aizabolat2005@gmail.com

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
6B02305 «Филология қазақ тілі» тобының 1-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Сарекенова Қ.Қ.

***Аңдатпа:** Тіл табиғаты жағынан да, мағына тұрпаты жағынан да, қолданысы жағынан да күрделі құбылыс саналады. Оның көркемдік эстетикалық қызметі тұрғысынан талдау кезінде оған эмоциялы-экспрессивтік реңк беретін бояуларды білу шарт. Қазақ тілінің сөздік қорының бай болуы есебінен мағынаны түрлендіру сөзді әрқилы*

етіп ажарландыруға болады. Мақалада мағына түрлендірудің бір түрі – метафора жайлы сөз қозғалатын болады.

Аннотация: Язык – сложное явление и с точки зрения его природы, и значения, и функциональности. Перед тем, как анализировать его с точки зрения его эстетической функции, следует знать об инструментах, которые передают ему эмоционально-экспрессивную окраску. За счет богатого словарного запаса казахского языка есть возможность разнообразить речь способом переноса значения слова. В статье рассматривается один из способов переноса значения – метафора.

Abstract: Language is a complex phenomenon both in terms of its nature, meaning, and functionality. Before analyzing it from the point of view of its aesthetic function, you should be aware of the tools that convey an emotional and expressive coloring to it. Because of the rich vocabulary of the Kazakh language, it is possible to diversify speech by transferring the meaning of a word. The article discusses one of the ways to transfer meaning – metaphor.

А. Байтұрсынұлының топтастыруынша, тіл көрнекілігі үшін үш әдіс қолданылады: көріктеу, меңзеу, әсірелеу [1]. Меңзеу көрнекілігінің өзі екітүрге жіктеледі: тенеу мен ауыстыру. Осы тұста біз сөз еткелі отырған амал – ауыстыру. Заманауи тіл білімінде ол метафора деп аталады. Арасында ешқандай ұқсастығы жоқ екі амалды бірін екіншісіне ауыстырып айту ауыстыру болып табылады. Бір нәрседі болмай, екіншісінде болатын күйді көрсететін сөзбен ауыстыру бейнелеу болады. Мысалы, «балама бас көз бол» дейтін болсақ, мұнда балаға дене мүшесі бол деп емес, қамқор бол, қарап жүр деген мағынада айтамыз. Егер де сөз арасында жақындығы бар екінші сөзбен ауыстырылса, онда ол алмастыру болады. Бүгінгі тіл білімінде бұл метонимия құбылысымен тұспа-тұс келеді. Мысалы: «Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң, өзі барып жығылды шалқасынан» (Абай). Бұл мысалдағы аяқ сөзі тікелей мағынасында ыдыстың атауын білдіріп тұрғанмен, ауыс мағынасында оның ішіндегі асты меңзеп тұр. Метафораның метонимиядан айырмашылығын осы жерден байқауымызға болады. Метафорада, метонимияға қарағанда, семантикалық байланыс жоқ, ал метонимия екі іргелес затты бір бірімен алмастырады.

Әлбетте, метафораның басқа троптарға ұқсас келетін қасиеттері көп. Атап айтсақ, академик М. Серғалиев «Стилистика негіздері» еңбегінде «Мына көзілдірікке мен көп сені қоймаймын» сөйлеміндегі көзілдірікті метафоралық қызмет атқарады дейді. Бір қарағанда, көзілдірік бүтіннің бөлшегі ретінде қабылдануы мүмкін. Бірақ бұл жерде көзілдірік киіп алып, ақыл айтқыш адам сөз етіліп тұрғаны ескерілуі тиіс [2].

Ғалым метафоралану процесінде үш түрлі құбылысты байқаған. Осы құбылыстарды жеке мысалдармен талдасақ: біріншіден, сөздің сыртқы белгісі алынады. Ғалым келтірген мысалдарға сүйене отырып, мысал келтірсем: «Асыл сөзге бой алып, көңіл көзін ашқанға» (І. Жансүгіров) «Бұлақ көрсең көзін аш» (Мақал), Жалпы «Көз» сөзі номинативті тура мағынасында көру мүшесі болып табылады. Егер де тереңірек ойлар болсақ, көздің қызметіне қарай одан жас шығатыны сияқты, бірдененің басталатын жерін айтатынын байқаймыз. Екіншіден, метафора жасайтын сөздердің семантикасына, түпкі мазмұнына үңілу керек. «Қасқыр» – жыртқыш, «қасқыр» – тойымсыздықтың, қаскөйліктің символы; «аю» – хайуанат, «аю» – ебедейсіздіктің, олақтықтың символы. Мысалы:

«Хан емессің, қасқырсың,

Қас албасты басқырсың» (Махамбет)

«Кетіңізші орныңызға, өзіңіз бір адам емес, аю екенсіз ғой» десе, не деймін қазір (Ә. Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар»); Үшіншіден, бір топтағы заттар мен құбылыстардың қандай да бір сапалары басқа топтың заттары мен құбылысына тән екені анық болса да, екіншілеріне сіңісіп кетеді. Мысалы: «өткір» сөзі әдетте қатты заттарға қатысты айтылса (өткір кездік), әдеби тілімізде «өткір көз» тіркесі жиі қолданылады. «Адамның өңменінен өтетін үлкен өткір көздеріндегі нұрдың сөніп бара жатқанын көрді де, ең болмаса сөйлесіп қалайын дегендей, Абылайдың төсегіне жақындау отырды» (І. Есенберлин «Жанталас»).

Профессор Ғ. Мұсабаевтың «Тіл білімінің мәселелері» еңбегінде кей сөздердің метафоралық мағыналары тұрақты және жеке мағынасы бар сөздерге айналып, омонимдік қатарлар құрағандығы айтылады. Мысалы, «қабырға» – адамның сүйегі, «қабырға» – үйдің іргесі [3]. Яғни, метафора сөздік қорымызды байытуда үлкен роль ойнайды. Метафора арқылы тілге түрлі реңк беруге болады. Осылайша, тілдің образдылығы арта түседі. Метафоралар көркем әдебиетте пайдаланылатын троптардың ең кең таралған түріне жатады. Оларды поэтикалық метафоралар деп атайды. Ал көркем әдебиетте қолданылмайтын метафораларды тілдік метафора дейді. Поэтикалық метафораларды А. Байтұрсынұлы лұғат ауысуы десе, тілдік метафораларды тіл ауысуы деп атайды [1]. Мәселен, суық хабар, ми ашыған, шөптің басы, иненің көзі т.б. тілдік метафораларды басқаша лингвистикалық метафоралар деп те атайды. Олардың қолданылу заңдылықтары мынадай болып келеді:

1. Тілде сөздер құбылысы заттың ұқсас қасиетіне қарай ауыстырылады. Мысалы: адамның беті – кітаптың беті, көйлектің етегі – таудың етегі

2. Дыбысталу жақындығы жағынан ауыстырылады. Мысалы: қасқыр ұлиды – жел ұлиды.

3. Заттар мен құбылыстарға тән қасиеттеріне қарай пайда болған эмоциялық бағалаулар нәтижесінде ауыстырылады. Мысалы: «аю» – олақ, «қоян» – қорқақ, «есек» – ақымақ.

4. Қызмет, мән мазмұн ұқсастығы негізінде ауыстырылады. Мысалы: серік (Ай Жердің серігі), серік жолдас

5. Кейбір кісі аттары мен жер су аттары метафора ретінде қолданыла береді. Мысалы: Үміт, Бақытжан, Қуандық, Үшкөмпір т.б.

6. Жоғарыда айтылғандай, метафоралар көбінесе сөз мағынасын бейнелеуші ретінде қолданылады. Мысалы, қу түлкі, сұр жылан [4].

Көркем әдебиетте қолданылатын метафора өз ішінен тұрақты метафора және индивидуалдық метафора деп бөлінеді. Тұрақты метафоралар халық тілімен бітісіп кетсе де, негізінен, суреттеу құралы ретінде қолданылады. Мысалы: ақ алтын (мақта), тілсіз жау (өрт), қара алтын (көмір, мұнай). Индивидуалдық метафора халық көп қолдана бермейді, ол тек сөз шеберінің өз қолданысында болады. Мысалы:

«Жақсылық жауып,

Дүниені мынау сел етсе,

Жауыздықтардың, жамандықтардың барлығын

Көрге алып кетем керексе» (М. Мақатаев) [5].

Көркем мәтінде де метафораның қолданысы әртүрлі болып келеді. Бұл туралы Г. Мұратова оқулығында Абай поэзиясы негізінде былай деп жазады:

1. Метафораның номинативті когнитивті функциясы оның тек көркемдеу қабілетін емес, құбылысты, тұрмыстың бір қиқымын көрсету болып табылады. Мысалы, Абай «мұңдану», «қайғыруды» «күлкінің орны кезеру» деген сөзбен ауыстырған. Не болмаса,

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,

Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған

деген жолдардағы «сағаттың ұрылығы» метафора болып отыр.

2. Екіншіден, метафора үлкен көлемді сөзді ықшамдап, шағын етіп береді. Бұл оның компрессиялық функциясы деп аталады. Мысалы, «Сондай ерді «Ала бер»-ді табар енді біздің ел» үзіндісінде «Ала бер» деп ақын мырза інісі Оспанның жомарттық қасиетін меңзейді. Демек, метафора сөз үнемдеуге ықпалын тигізеді.

3. Әлбетте, метафораның негізгі сипаты оның эмоциялық-экспрессивтік бояуыштық қасиеті болып табылады. Мысалы,

Барымта мен партия

Бәрі мастық жұрт құмар

дегенінде Абай «мас» сөзі ішімдікке салынған адамды емес, ынтықтықты, құмарлықты айтып тұр.

4. Метафоралау кезінде субъективті көзқарас болады. Автор метафораны қолдану арқылы өзі айтып отырған затқа я құбылысқа қатысты ішкі ойын, пікірін білдіруі мүмкін. Мысалы, ақын бірде «буулы сөз», бірде «жабырқаңқы сөз», енді бірде «нұрлы сөз» «ерке сөз» дейді. Осылайша, алмастыруды қолдану орайына қарай автордың көзқарасын көруге болады деп түйіндей аламыз. [6]

Бүгінгі таңда поэтикалық метафораның тағы да бір түрі автометафора деп қарастырылып жүр [7]. «Авто» сөзінің этимологиясын зерделер болсақ, ол гректің «autos» (өзі) деген сөзінен шығады [8]. Яғни, бұл жағдайда автор өз өзін метафора арқылы көрсетеді. Мысалы:

Сайраған орта жүздің бұлбұлымын,

Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері (Біржан сал)

«Таудың мен еркін жүрген тағысы едім...» (М. Мақатаев)

Асылында, автометафораны қолдану Мағжан поэтикасында кең көрініс табады екен. Мәселен:

«Шынында, менің өзім де – от,

Қысылған қара көзім де – от,

Мен – оттанмын, от – менен.

Жалынмын мен, жанамын,

Оттан туған баламын» (М. Жұмабаев «От»)

«Қыранымын сары сайран даланың,

Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым» (М. Жұмабаев «Тез барам»)

«Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,

Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың» (М. Жұмабаев «Мен кім?»)»

«Мен ақынмын – ағынмын,

Сылдыраймын, сүйемін.

Мен ақынмын – жалынмын,

Шапшып көкке тиемін» (М. Жұмабаев «Жас сұлуға») [9].

Ендігі кезекте, метафораларды қолдана отырып, өз ойымыздан өлең шығарып көрсек:

Жас жүрек жанып, жалындап,

Лапылдап оттай жайнады.

Құмарлық бойға дамылдап,

Ақылдың көзін байлады.

Жайқалған, нәзік гүл болдым,

Талдырмаш, бірден баураған.

Қайралған өткір тіл болдым,

Еркіне салса сайраған.

Ашылмаған тылсым сыр болдым

Көкірекке көмілген.

Жаңадан жазған жыр болдым,

Шабыттан туып, төгілген.

Буырқанған алып мұң болдым,

Көшіндей таудың жылжыған.

Әттең-ай, бірақ, құл болдым,

Уақытқа мынау сырғыған.

Көріп отырғанымыздай, метафора сан қилы құбылыс. Ол тілдің эстетикалық құндылығын арттырып қана қоймай, семантикалық салмағын да ауырлатады. Метафораны қолдану шеберлігіне қарай автордың қалам ұшқырлығы, ой дәлдігі анықталады. Сөз мағынасының ауысуының бұл түрі барлық халықтың тіліне тән болып келеді. Алайда, қазақ халқының сөздік қорындағы метафоралар өзгенікінен ерек, айрықша бояуымен ерекшеленеді деген тұжырым жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – Б.23-29.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: оқулық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 230 б.

3. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 137 б.
4. Хасенов Ә. Тіл білімі: оқу құралы, 2-басылуы – Алматы: Санат, 1996. – 146 б.
5. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы: оқу құралы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – Б.17.
6. Мұратова Г.Ә. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау: оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 166 б.
7. Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: оқулық. Екінші басылым. – Алматы: Эверо, 2014. – Б. 34.
8. Толковый словарь русского языка. Под редакцией Д.Н. Ушакова (1935-1940); (электронды нұсқа): <http://feb-web.ru/feb/ushakov/ush-abc/01/us100904.htm?cmd=0&istext=1>
9. Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. (электронды нұсқа): 7126.pdf (tilalemi.kz).

М. СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ Қ.ЖҰБАНОВ МҰРАСЫ ТУРАЛЫ

Жақсылық Д. Б.

damira.zhaksylyk@bk.ru

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 2-курс студенті
Ақтөбе, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі – Садуақас Н.А.

***Аңдатпа** Мақалада ғалым М.С.Серғалиевтің ғылыми еңбектеріндегі профессор Қ.Жұбановқа қатысты зерттеулері жөнінде баяндалған. Ғалым М.С.Серғалиевтің қазақ тіл білімінің теориялық жағынан қалыптасуына үлес қосқан алғашқы ғалымдардың бірі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің синтаксисі мен терминологиясы жөніндегі еңбектерін зерттеп, ғалымның синтаксис пен терминологияның өзекті мәселелеріне қатысты айтқан ғылыми ойларын бүгінгі ғылым жетістіктерімен байланыста терең талдап көрсете білгені туралы айтылады.*

***Кілт сөздер:** Қазақ тіл білімі, синтаксис, сөйлем мүшелері, сөз тіркесі, сөйлем, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, терминология.*

***Аннотация.** В статье излагаются исследования ученого М.С. Серғалиева в научных трудах профессора К. Жубанова. Ученый М.С. Серғалиев изучил труды К. Жубанова, одного из первых ученых, внесших вклад в теоретическое становление казахского языкознания, по синтаксису и терминологии казахского языка, и в связи с достижениями современной науки он смог глубоко проанализировать научные мысли, высказанные учеными по актуальным вопросам синтаксической терминологии.*

***Ключевые слова:** Казахское языкознание, синтаксис, члены предложения, словосочетания, предложения, порядка слов в предложении, терминология.*

***Abstract.** The article summarises the research of the scientist M.S. Sergaliyev in the scientific works of Professor K. Zhubanov. The scientist M.S. Sergaliyev studied the works of K. Zhubanov, one of the first scientists, who contributed to the theoretical formation of Kazakh linguistics, on the syntax and terminology of the Kazakh language, as well as in connection with the achievements of modern science, and he was able to deeply analyze the scientific thoughts expressed by scientists on topical issues of syntactic of the pen terminology.*

***Keywords:** Knowledge of the Kazakh language, syntax, parts of a sentence, phrase, sentence, order of words in a sentence, terminology.*